

**Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АПЫҚТАМАСЫ**

Жезқазған қ.

30.05.-13.06.2022 жыл

Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы" КМҚК директорының 05.01.2022 жылғы № 2/1 "Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы" КМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" бұйрығы негізінде. Ішкі талдаумен 2021 жылғы шілде мен желтоқсан аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30.05-13.06.2022 жылдар аралығында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға сәйкес жүргізілді.

"Персоналды басқару"

Мектепке дейінгі ұйымда қызметкерлердің тізімдік саны 61 адамды құрайды, оның ішінде - 5 қоса атқарушы, 11 қызметкер декреттік демалыста. Ағымдағы жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша нақты саны – 50 адам. Бүгінгі таңда бос жұмыс орындары тәрбиешінің көмекшісі – 1, тәрбиешілер – 2, аспазшы – 1, қоймашы – 0,5, іс жүргізуші – 1, аула сыпырушы – 1, дефектолог – 1.

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, орташа жасы 40 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер 1 адам, зейнеткерлік жас алдындағы қызметкерлер 1.

2021 жылғы шілде-желтоқсан аралығында өз еркімен жұмыстан шығарылған қызметкерлер –1, зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлер - 4, жұмысқа қабылданған қызметкерлер - 5.

Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды ресімдеу еңбек заңнамасына, мектепке дейінгі ұйым директорының ережелеріне, нұсқаулықтарына және бұйрықтарына сәйкес жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тәртіптік практикасын талдай отырып, Мектепке дейінгі ұйымда мүдделер қақтығысы -0.

Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы" КМҚК қызметін регламенттейтін жергілікті актілер: ҚР "Білім туралы" Заңы, ҚР МЖМБС, ҚР Еңбек кодексі, педагог этикасы туралы Кодексі, педагог мәртебесі туралы Заңы, ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, үлгілік қағидалар мектепке дейінгі ұйымдардың қызметі туралы, ҚР нормативтік актілері, ҚР БҒМ, Білім басқармасының, Қалалық білім бөлімінің бұйрықтары, "Балдырған" бөбекжайы Жарғысы, "Балдырған" бөбекжайы Ұжымдық шарты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты-Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету ережесі, педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі.

"Мемлекеттік қызмет көрсету"

Мектепке дейінгі ұйым 2 мемлекеттік қызметті жүзеге асырады:

- ✓ Педагог кадрларды аттестаттау;
- ✓ "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау".

Қазіргі уақытта Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы" КМҚК Мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- ✓ "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау";
- ✓ "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау".

2021 ж. қаңтар-желтоқсан аралығында 97 балаға Мемлекеттік қызмет көрсетілді ("мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау").

Мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар – 0. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі мектепке дейінгі ұйым директорының тұрақты бақылауында.

"Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету бойынша ата-аналар үшін ақпарат бірінші қабаттағы стендте, сондай-ақ сайтта орналастырылған <http://sad14-jez.kz/kz/>

Мектепке дейінгі ұйымда халық үшін қолжетімді орын "Еgov"өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін өрескел бұзу және шағымдар-0.

Педагогтарды аттестаттау кесте бойынша жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтарды аттестаттаудың 5 жылға арналған жоспары бекітілді. Оқу жылының басында педагогикалық ұжым педагогтерге біліктілік

санаттарын беру (растау) қағидаларының өзгерістерімен таныстырылды". 2021 жылдың II жартысында біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысуға 0 өтініш түсті .

Аттестаттау комиссияларының нәтижелері бойынша 0 педагог біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімінен өтті (педагог – модератор – 0).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-0

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ парасаттылық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның сайтында <http://sad14-jez.kz/kz/> кіші бөлімдерді қамтитын " сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл " бөлімі бар:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт:

- нормативтік – құқықтық құжаттар: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 "Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы" Жарлығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы бұйрығы. № 12 "сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы", Квализмемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, этика кодексін бекіту туралы бұйрық.

* Мектепке дейінгі ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

* Мектепке дейінгі ұйымның Этика кодексі.

* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық.

* Жартыжылдық бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы аналитикалық ашықтама.

* Комплаенс –қызметті жүзеге асыруға жауапты тұлғаны тағайындау туралы 11.11.2021 ж. № 80 бұйрық

* 2020-2021 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары.

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл.

Сондай-ақ, Мектепке дейінгі ұйымның сайтында жылына 1 рет тамақ өнімдерін сатып алуға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары орналастырылады, өнім берушілермен жасалған шарттар туралы ақпарат тоқсан сайын жаңартылып отырады.

"Рұқсат беру функцияларын іске асыру"

Мектепке дейінгі ұйым рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

"Бақылау функцияларын іске асыру"

Мектепке дейінгі ұйым бақылау функцияларын іске асырмайды.

"Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер"

2021 жылғы қаңтар мен желтоқсан аралығында заңды тұлғалардан – 0, жеке тұлғалардан баланы мектепке дейінгі ұйымнан шығаруға 2 өтініш түсті. Өтініштер мерзімдерге сәйкес қанағаттандырылды, бұзушылықтар - 0.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қызметті комплаенс-қызметтерінің функцияларын жүзеге асыруға әдіскер С.К.Кисиббаева жауапты.

2. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкіл С.К.Кисиббаева Қарағанды облысы білім басқармасы Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы" КМҚК – да баспа басылымдарында жариялаумен немесе ресми интернет-ресурста орналастырумен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуді жалғастырсын.

3. "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге жауапты тұлғаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 "мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің "Балдырған" бөбекжайы " КМҚК ресми сайтына орналастырылсын.

Жұмыс тобының төрайымы:

Мүшелері:

Таныстым:



С.К.Кисиббаева

Ж.Т.Асанова

Г.К.Шахизадаева

А.С.Шайкежанова